

**"Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесінде өндірген мұнайдың көлемі мен салмағын өлшеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 163 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2022 жылғы 1 қарашадағы № 342 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 7 қарашада № 30438 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесінде өндірген мұнайдың көлемі мен салмағын өлшеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 163 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16992 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

""Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 152-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесінде өндірген мұнайдың көлемі мен салмағын өлшеу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай игеру және өндіру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Сауда және интеграция министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі  
2022 жылғы 1 қарашадағы  
№ 342 Бұйрыққа  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2018 жылғы 5 мамырдағы  
№ 163 бұйрығымен  
бекітілген

## **Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесінде өндірген мұнайдың көлемі мен салмағын өлшеу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесінде өндірген мұнайдың көлемі мен салмағын өлшеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 152-бабының 1-тармағына (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес әзірленді және жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесінде өндірген мұнайдың көлемі мен салмағын өлшеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылауаралық интервал – өлшеу құралдарының метрологиялық сипаттамаларын салыстырып тексеру кезінде анықталған мәндерден ауытқуын анықтау үшін жүргізілетін екі кезекті бақылау актісінің арасындағы уақыт аралығы;

2) метрологиялық сипаттамаларды бақылау – салыстырып тексерулер арасындағы кезеңде өлшеу құралдарының метрологиялық сипаттамалары мәндерінің нақты мәндерден немесе соңғы салыстырып тексеру кезінде айқындалған мәндерден ауытқуын айқындау, өлшеу құралдарының одан әрі пайдалануға жарамдылығын белгілеу;

3) мұнайдың балласттық салмағы – мұнайдағы судың, хлорлы тұздар мен механикалық қоспалардың жалпы салмағы;

4) мұнай көлемінің және сапа көрсеткіштерінің өлшемдері жүйесі – өлшеу құралдарының (шығысты түрлендіргіштердің, тығыздықты түрлендіргіштердің, ылғал мөлшерін, тұз мөлшерін, тұтқырлықты, температураны, қысымды, салмақ өлшеуіштерді түрлендіргіштердің), өлшеу нәтижелерін өңдеу, сақтау, индикациялау және тіркеу құрылғыларының, автоматты және қолмен өңдеу үшін қолайлы нысанда өлшеуіш ақпаратының дабылдарын өңдеуге арналған технологиялық және қосалқы

жабдықтардың (құбырлардың, сүзгілердің, сорғылардың, сынама іріктегіштің, бекітуші және реттеуші арматураның) жиынтығы;

5) мұнайдың брутто салмағы – балласттық салмақты қамтитын мұнайдың жалпы салмағы;

6) мұнайдың нетто салмағы – мұнайдың брутто салмағы мен мұнайдың балласттық салмағының айырмасы;

7) өлшеу сызығы – қысымды және температураны өлшеу құралдарымен, ысырмалармен және сүзгілермен жарақтандырылған құбырлардың тік сызықты учаскелері бар шығысты түрлендіргіштерден немесе салмақ өлшеуіштен тұратын мұнай көлемін өлшеу жүйесі конструкциясының бөлігі;

8) резервтік есепке алу схемасы – негізгі схема – мұнай көлемі мен сапасының көрсеткіштерін өлшеу жүйесі істемей қалған кезде мұнай салмағын өлшеу үшін қолданылатын жүйе;

9) технологиялық жабдық – бекітуші және реттеуші арматура, құбырлар, сүзгілер, ағысты түзетуші және тік сызықты учаскелер, циркуляциялық сорғы, автоматтандырылған және қол сынама іріктегіштері, сынама алу құрылғысы, дренаждық ыдыстар, тиісті технологиялық орамы бар жуу сорғысы және өлшеу аспаптары;

10) төрелік сынама – төрелік талдау үшін пайдаланылатын бақылау сынамасы.

3. Мұнайды есепке алу топтық өлшеу қондырғылары арқылы әрбір ұңғыма бойынша жер қойнауы учаскесінде тоннамен жүзеге асырылады. Мұнай салмағын өлшеудің дұрыстығын, сондай-ақ өлшеу сапасын бақылауды қамтамасыз ету үшін жер қойнауын пайдаланушының салыстырып тексеру туралы қолданыстағы сертификаты және Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген қажетті жабдығы мен өлшеу құралдары қолданылады.

## **2-тарау. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесінде өндірген мұнайдың көлемі мен салмағын өлшеу тәртібі**

4. Мұнайдың көлемі мен салмағын өлшеу тікелей және жанама тәсілдермен жүзеге асырылады.

5. Тікелей тәсілдер қолданылған кезде мұнай салмағы таразымен, таразылы мөлшерлеуіштермен және құрылғылармен (тікелей статикалық тәсіл), салмақтық есептеуішпен және салмақтық шығысты түрлендіргішпен өлшенеді (тікелей серпінді тәсіл).

6. Жанама тәсіл көлемдік-салмақтық тәсілге және гидростатикалық қағидатқа негізделген тәсілге бөлінеді.

7. Жанама көлемдік-салмақтық тәсіл мұнайды жанама көлемдік-салмақтық серпінді тәсілге (бұдан әрі – жанама серпінді тәсіл) және жанама көлемдік-салмақтық статикалық тәсілге (бұдан әрі – жанама статикалық тәсіл) бөлінеді.

8. Жанама көлемдік-салмақтық серпінді тәсіл мұнайды мұнай құбырында тікелей ағында өлшеген кезде қолданылады. Бұл ретте мұнай көлемін өлшеуіштермен немесе интеграторлары бар шығысты түрлендіргішпен өлшейді.

9. Көлемдік-салмақтық серпінді тәсіл қолданылған кезде мұнайдың көлемі мен тығыздығы бірдей немесе бірдей етілген жағдайларда (температура, қысым) өлшенеді, мұнайдың брутто салмағын осы шамалардың мәндерінің көбейтіндісі ретінде айқындайды, ал содан соң мұнайдың нетто салмағы есептеледі.

10. Мұнай тығыздығын ағынды тығыздық өлшеуішпен немесе зертхана жағдайында біріктірілген сынамада мұнайға арналған ареометрмен, ал мұнайдың температурасы мен қысымын – тығыздық пен көлемді өлшеген кезде тиісінше термометрлермен және манометрлермен өлшейді.

11. Жанама көлемдік-салмақтық статикалық тәсілді мұнайды градуирленген ыдыстарда өлшеген кезде қолданады (тік және көлденең резервуарлар, көліктік ыдыстар және цистерналар).

Мұнай салмағы мыналарды өлшеу нәтижелері бойынша анықталады:

1) сыйымдылық шамаларында:

мұнай деңгейін – стационарлық деңгей өлшеуішпен немесе сұйықтық деңгейін өлшейтін құралдармен (лазерлік, механикалық, гидростатикалық, электрлік, акустикалық, радарлық, рефлекстік микротолқынды, радиациялық типтер);

мұнай тығыздығын – тығыздық өлшейтін көшпелі немесе стационарлық құралмен немесе ареометрмен;

мұнай температурасын – нүктелі сынамаларда термометрмен немесе көшпелі және стационарлық температура түрлендіргішпен;

мұнай көлемін – деңгейді өлшеу нәтижелерін қолдана отырып, сыйымдылық шамасының градуирленген кестесі бойынша;

2) толық сыйымдылық шамаларында:

мұнай тығыздығын – көшпелі тығыздық өлшеу құралымен немесе зертханада ареометрмен, зертханалық тығыздық өлшеуішпен немесе тығыздық түрлендіргішін қолдана отырып;

мұнай температурасын – көшпелі температура түрлендіргішпен немесе нүктелі мұнай сынамасында термометрмен;

мәні таңбалау кестесіне жазылған және салыстырып тексеру туралы сертификатында көрсетілген шаманың іс жүзіндегі сыйымдылығына тең қабылданған мұнай көлемін – деңгей көрсеткішіне қатысты мұнай деңгейінің өзгеруін ескере отырып айқындайды.

Мұнайдың тығыздығы мен көлемін өлшеу нәтижелері қалыпты жағдайға әкеледі немесе мұнайдың тығыздығын өлшеу нәтижелерін оның көлемін сыйымдылық шамаларында немесе толық сыйымдылық шамаларында өлшеу жағдайларына әкеледі.

Деңгей өлшеуішпен, метроштокпен немесе өлшеуіш металл рулеткамен өлшенген толу деңгейінің мәндері бойынша градуирленген кестелердің көмегімен резервуарлардағы мұнай көлемі айқындалады.

Толық сыйымдылыққа градуирленген ыдыстарда толтыру деңгейін бақылайды және көлемін паспорттық деректер бойынша айқындайды.

12. Мұнайдың нетто салмағын мұнайдың брутто салмағы мен мұнайдың балласттық салмағының айырмасы ретінде айқындайды. Мұнайдың балласттық салмағы мұнайдағы судың, хлорлы тұздар мен механикалық қоспалардың жалпы салмағы ретінде айқындалады. Бұл үшін мұнайдағы судың, хлорлы тұздар мен механикалық қоспалардың салмақтық үлестері айқындалып, олардың салмағы есептеледі.

13. Гидростатикалық қағидатқа негізделген жанама тәсілді қолданған кезде мұнай бағанының гидростатикалық қысымын өлшейді, резервуардың толтырылған бөлігінің орташа ауданын айқындайды және мұнай салмағын ауырлық күш үдеуіне бөлінген осы шама мәндерінің көбейтіндісі ретінде есептейді.

Босатылған (қабылданған) мұнайдың салмағын екі тәсілмен:

1) осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген тәсілдермен тауарлық операцияның басында және аяғында айқындалған салмақтардың айырмасы ретінде;

2) ауырлық күш үдеуіне бөлінген, мұнай босатылған резервуар бөлігінің орташа қима ауданына тауарлық операцияның басында және аяғындағы гидростатикалық қысымдардың айырмасы ретінде айқындайды.

14. Мұнай бағанының гидростатикалық қысымын манометрмен өлшейді. Өлшеу мұнай буларының қысымын ескере отырып жүргізіледі.

15. Резервуар бөлігінің орташа қима ауданын айқындау үшін өлшеуіш металл рулеткамен немесе деңгей өлшеуішпен тауарлық операцияның басындағы және аяғындағы мұнай деңгейін өлшейді және резервуардың градуирленген кестесінің деректері бойынша осы деңгейлерге сәйкес келетін орташа қима аудандарын есептеп шығарады.

Сондай-ақ деңгейді өлшеудің орнына мұнайдың тығыздығы өлшенеді және мұнайдың балласттық салмағын айқындау үшін мұнайдың көлемі салмақты тығыздыққа бөлудің бөліндісі ретінде айқындалады.

16. Мұнайдың брутто салмағын өлшеуде жол берілетін салыстырмалы дәлсіздіктер шегі мыналардан аспайды:

± 0,40 % – ажыратылған цистерналарды таразыда өлшеу арқылы тікелей статикалық өлшеу тәсілі кезінде;

± 0,50 % – ажыратылмаған жүріп келе жатқан цистерналарды және олардың құрылымын таразыда өлшеу арқылы тікелей статикалық өлшеу тәсілі кезінде;

± 0,25 % – тікелей және жанама серпінді өлшеу тәсілдері кезінде;

± 0,60 % – 120 тонна және одан жоғары мұнай салмағын жанама статикалық өлшеу тәсілі және гидростатикалық қағидатқа негізделген жанама өлшеу тәсілі кезінде;

$\pm 0,75$  % – 120 тоннаға дейінгі мұнай салмағын жанама статикалық өлшеу тәсілі және гидростатикалық қағидатқа негізделген жанама өлшеу тәсілі кезінде.

17. Мұнайдың нетто салмағын өлшеуде жол берілетін салыстырмалы дәлсіздіктер шегі мыналардан аспайды:

$\pm 0,50$  % – ажыратылған цистерналарды таразыда өлшеу арқылы тікелей статикалық өлшеу тәсілі кезінде;

$\pm 0,60$  % – ажыратылмаған жүріп келе жатқан цистерналарды және олардың құрылымын таразыда өлшеу арқылы тікелей статикалық өлшеу тәсілі кезінде;

$\pm 0,35$  % – тікелей және жанама серпінді өлшеу тәсілдері кезінде;

$\pm 0,50$  % – 120 тонна және одан жоғары мұнай салмағын жанама статикалық өлшеу тәсілі және гидростатикалық қағидатқа негізделген жанама өлшеу тәсілі кезінде;

$\pm 0,65$  % – 120 тоннаға дейінгі мұнай салмағын жанама статикалық өлшеу тәсілі және гидростатикалық қағидатқа негізделген жанама өлшеу тәсілі кезінде.

### **1-параграф. Арнайы техникалық құралдар**

18. Арнайы техникалық құралдар (оның ішінде есептеу техникасы құралдарын) қабылданған көлемі мен салмағын өлшеу тәсілдеріне қарай мұнай салмағын өлшеу жүйесін жобалау сатысында таңдайды, олардың өлшеу нәтижелері бойынша мұнай салмағы, оның ішінде осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген тауарлық мұнайдың брутто салмағын және осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген тауарлық мұнайдың нетто салмағын өлшеу дәлсіздіктерінің нормалары айқындалады.

19. Мұнай көлемін өлшеу жүйесінің құрамына кіретін арнайы техникалық құралдар (оның ішінде таразылар, таразылық дозаторлар мен құрылғылар) бойынша үлгісін бекіту немесе метрологиялық аттестаттау туралы сертификаттар және Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасына сәйкес өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы қолданыстағы сертификат болуы тиіс.

20. Арнайы техникалық құралдар пайдалануға енгізер алдында, пайдалану кезінде және жөндеуден кейін "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына сәйкес салыстырып тексеруге жатады.

21. Өлшем құралдарын салыстырып тексеруді өлшем құралдарын салыстырып тексеруге аккредиттелген заңды тұлғалар жүзеге асырады.

22. Өлшем құралдарын салыстырып тексеру Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Мұнай көлемін өлшеу жүйесінің құрамына кіретін өлшем құралдарының дәлсіздіктері "Мұнай мөлшері мен көрсеткіштерін өлшеу жүйесі. Жалпы талаптар" 2.62 ҚР СТ-ға сәйкес өлшеулерді орындау тәсілдеріне арналған құжаттарда регламенттеледі.

### **2-параграф. Мұнайдың көлемі мен салмағын тікелей тәсілдермен өлшеу тәртібі**

23. Салыстырып тексеруді бөлу саны кемінде 3000 болатын орташа сыныпты дәлдік статикалық өлшеу үшін тікелей статикалық тәсілмен ыдыстағы және көлік құралдарындағы (темір жол және автомобиль цистерналары) мұнай салмағын өлшеу арқылы өлшейді.

24. Мұнайдың брутто салмағы таразымен өлшеу диапазоны шегінде өлшенеді. Таразыны пайдалану шарттары таразының нақты түріне арналған пайдалану құжаттарының талаптарына сәйкес келеді.

25. Теміржол цистерналарындағы мұнай салмағы оларды өлшеу нәтижелері бойынша айқындалған тиелген цистерналардың өлшенген салмағы мен бос цистерналардың салмағы арасындағы айырмашылық ретінде айқындалады.

26. Жүріп келе жатқан цистерналардағы мұнай салмағы таразыны пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес жүру кезінде өлшеуге арналған вагондық таразыда айқындалады.

27. Құбырмен тасымалданатын мұнай салмағы тікелей мұнай құбыры ағынында тікелей серпінді тәсілмен анықталады. Өлшеу нәтижесіне мұнайдың тұтқырлығы мен тығыздығының өзгеруі әсер етпейді.

28. Рұқсат етілген мұнай көлемін өлшеу жүйесінің құрамы және тікелей серпінді тәсілді қолдана отырып дәлсіздігінің жол берілетін шектері осы Қағидаларға 1-қосымшада келтірілген.

29. Салмақ өлшеуіштерді пайдалану процесінде салмақ өлшеуіштің осы түріне техникалық сипаттамаға сәйкес салмақ өлшеуіш нөлінің ығыстырылуы бақыланады.

30. Салмақ өлшеуіштерді салыстырып тексеру мен бақылау пайдалану орнында, сонымен қатар салыстырып тексеру стендінде де жүргізіледі.

### **3-параграф. Мұнайдың көлемі мен салмағын жанама тәсілдермен өлшеу тәртібі**

31. Қабылдау-тапсыру операциялары кезінде мұнайдың салмағы шығысты түрлендіргіштер мен тығыздықты түрлендіргіштердің көмегімен жанама көлемдік-салмақтық серпінді тәсілмен анықталады.

32. Бұл ретте салмақ көлемнің тиісті мәндерінің және өлшеу (температура, қысым) шарттарына келтірілген тығыздық көлемінің немесе бір қалыпты жағдайға келтірілген көлемнің немесе тығыздықтың көбейтіндісі ретінде ақпаратты өңдеу құрылғысымен есептеледі.

Жұмыс істеп тұрған тығыздықты түрлендіргіш ажыратылған және резервтегісі болмаған кезде, мұнай тығыздығы ареометрмен немесе рұқсат етілетін шекті дәлсіздігі  $\pm 0,5$  килограмм текше метрге (бұдан әрі – кг/м<sup>3</sup>) зертханалық тығыздық өлшеуішпен айқындалады.

Шығысты түрлендіргіш немесе мұнай есептеуішінде мұнай қысымы мен температурасы кезінде алынған мұнай көлемін өлшеу нәтижесі қалыпты жағдайға келтіріледі.

Мұнай сапасының параметрлерін өлшеу блогындағы температура мен қысым кезінде ағынды тығыздықты түрлендіргішпен өлшенген мұнай тығыздығының мәні мұнай көлемін өлшеу шарттарына және қалыпты жағдайға келтіріледі.

33. Ақпаратты өңдеу құрылғысымен немесе оператордың автоматтандырылған жұмыс орнында мұнай есебінің барлық процестерін басқару жүзеге асырылады.

34. Мұнай көлемін өлшеу жүйесін пайдалануға қойылатын негізгі талаптар:

1) мұнай көлемін өлшеу жүйесін пайдалану процесінде мынадай параметрлер бақыланады:

өлшеу сызықтары арқылы мұнай шығысы. Мұнай көлемін өлшеу жүйесінің конструкциясы салмақты өлшеу кезінде өлшеу сызықтары арқылы жүйені метрологиялық аттестаттау туралы сертификатта көрсетілген жұмыс диапазонының 2,5 %-нан аспайтын ауытқумен мұнай шығысын қамтамасыз етеді;

шығу коллекторындағы мұнай қысымы. Мұнай көлемін өлшеу жүйесінің шығуындағы мұнай қысымы көлемдік шығысты түрлендіргіштің кавитациясыз жұмысын қамтамасыз етеді және мынадай формула бойынша белгіленген мәннен кем болмайды:

$$P=2,06 \cdot P_H + 2\Delta P, (1)$$

мұндағы

$\rho$   
– мұнай көлемін өлшеу жүйесінің шығуындағы ең аз артық қысым, мега Паскаль ( бұдан әрі – МПа);

$P_H$   
– қаныққан бу қысымы, МПа;

$\Delta P$   
– шығысты түрлендіргіштегі немесе техникалық паспортта көрсетілген салмақ өлшеуіштегі қысым айырымы, МПа;

Сүзгілердегі қысым айырымы сүзгінің осы түрінің паспортында көрсетілген мәндерден артық болмайды немесе 2

$\Delta P$   
ф аспауы тиіс, мұндағы  
 $\Delta P$



ф – сүзгіні тазартқаннан кейін пайдалану орнында белгіленген ең көп шығыс кезіндегі сүзгідегі қысым айырымы. Сүзгілерді тазарту үш айда кем дегенде бір рет актіні ресімдей отырып жүргізіледі.

Тұтқырлық бойынша көлемді шығысты түрлендіргіштің түрлендіру коэффициентін түзету жөніндегі құрылғы болмаған кезде, мұнай тұтқырлығы көлемді шығысты түрлендіргішті салыстырып тексеру жүргізілген кездегі үлгіні бекіту немесе шығысты түрлендіргіштің басқа түрлерін пайдалану жағдайларында метрологиялық аттестаттау үшін сынақ жүргізу кезіндегі белгіленген шектерден аспайтын тұтқырлық мәндерінен айрықшаланбайды;

2) мұнай көлемін өлшеу жүйесінің өлшеу құралдарының ауытқуы және жұмыс істемеуі кезде мұнайдың есебі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

3) мұнай көлемін өлшеу жүйесі "Мұнай мөлшері мен көрсеткіштерін өлшеу жүйесі. Жалпы талаптар" ҚР 2.62 СТ-ға сәйкес салыстырып тексеріледі.

35. Шығыстың түрлендіргішін пайдалануға қойылатын негізгі талаптар:

1) шығысты түрлендіргішті пайдалану кезінде метрологиялық сипаттамаларды салыстырып тексеру және бақылау жүргізіледі;

2) жұмыс шығысты түрлендіргіштің метрологиялық сипаттамаларын бақылау немесе салыстырып тексеру уақытында мұнайдың есебін бақылау өлшеу сызығы бойынша жүргізуге болады;

3) шығысты түрлендіргішті салыстырып тексеру пайдалану орнында өлшеу сызықтары элементтерімен (егер олар жобада көзделсе, ағыс түзеткіштермен, тік учаскелермен) жиынтықта мұнай көлемін өлшеу жүйесін пайдаланылатын шығыстардың жұмыс диапазонында жүргізіледі;

4) шығысты түрлендіргішті түрлендіру коэффициенті салыстырып тексеруден кейін қажеттік кезінде ақпаратты өңдеу құрылғысына қолмен де, сонымен бірге автоматты түрде де енгізіледі.

Ақпаратты өңдеу құрылғысына градуирлік сипаттаманы іске асыру тәсіліне байланысты шығысты түрлендіргішті түрлендіру коэффициенті мынадай түрде ұсынылады:

5) шығыстардың барлық жұмыс диапазонындағы тұрақты мән;

6) шығыстың түрлі кіші диапазондарында түрлендіру коэффициентінің мәндері;

7) шығыстардың жұмыс диапазоны нүктелерінде түрлендіру коэффициентінің мәндері;

8) тексеруаралық өту интервалында шығысты түрлендіргіштің метрологиялық сипаттамаларын бақылау.

Шығысты түрлендіргіштің метрологиялық сипаттамаларын бақылау шығыстардың жұмыс диапазонындағы жұмыс жағдайларында пайдалану орнында түрлендіру коэффициентін және шығысты түрлендіргіштің немесе ақпаратты өңдеу

құрылғысының (акпаратты өңдеу құрылғысының жадында сақталатын) қайталама аспабында белгіленген мәндердің түрлендіру коэффициентінен алынған мәннен ауытқуын анықтаудан тұрады.

Шығысты түрлендіргіш метрологиялық сипаттамаларын бақылау құбыр-поршеньдік салыстырып тексеру қондырғысы немесе бақылауаралық интервал арқылы пайдалану орнында бақылау шығысты түрлендіргіш бойынша жүргізіледі.

Шығысты түрлендіргіш бақылауаралық интервалын белгілеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

9) әрбір жаңадан енгізілетін мұнай көлемін өлшеу жүйесі үшін, сондай-ақ шығысты түрлендіргішті ауыстыру арқылы реконструкциялаудан кейін шығысты түрлендіргіштің бақылауаралық интервалы айқындалады. Бақылауаралық интервал сонымен бірге шығысты түрлендіргішті жөндеуден кейін де белгіленеді;

10) бақылауаралық интервал шығысты түрлендіргішті пайдаланудың қарқындылығына байланысты не жұмыс істеу сағаттарында не поршенді салыстырып тексеру қондырғысының турбасы бойынша түрлендіру коэффициентін бақылау нәтижелері бойынша күнтізбелік уақытта (күндермен немесе айлармен) белгіленеді;

11) шығысты түрлендіргіштің үздіксіз жұмысы кезінде күнтізбелік 5 күн аралық мерзіммен күнтізбелік 30 күн ішінде түрлендіру коэффициентінің мәнін бақылау жүргізіледі және бақылауаралық интервал күнтізбелік 5 күн болып белгіленеді;

12) бақылауаралық интервал статистикалық деректердің нәтижелері бойынша орнатылады;

13) резервте тұрған және ұзақ уақыт бақылаудан өтпеген шығысты түрлендіргішті бақылау оларды пайдалануға қосу алдында ғана жүргізіледі;

14) бақылауаралық интервалдың шамасы мұнай көлемін өлшеу жүйесінің формулярына енгізіледі;

15) бақылауаралық интервалды белгілеуді өткізуші және қабылдаушы тараптардың өкілдерімен келісе отырып, мұнай көлемін өлшеу жүйесі қызмет көрсетуді жүргізетін ұйым орындайды.

Ағынды тығыздықты түрлендіргішті пайдалануға қойылатын негізгі талаптар:

16) ағынды тығыздықты түрлендіргішті салыстырып тексеру тегеурінді металл пикнометрлердің өлшеу жинағы бойынша немесе дәлдігі жоғары сыныпты тығыздықты өлшеуіш бойынша жүргізіледі;

17) ағынды тығыздықты түрлендіргішті салыстырып тексеру зертханада немесе пайдалану орнында жүргізіледі. Ағынды тығыздықты түрлендіргішті салыстырып тексеру, егер мұнайдың тығыздығы жыл ішінде 100 кг/м<sup>3</sup>-ден аспаса, пайдалану орнында жүргізіледі;

18) тығыздықты түрлендіргішті зертханада кезекті салыстырып тексеруден кейін оны пайдалану орнына орнатар алдында ауа нүктесі бойынша метрологиялық сипаттаманы бақылау орындалады;

19) бұл үшін мұнай сапасының параметрлерін өлшеу блогында немесе басқа бейімделген үй-жайда тығыздықты түрлендіргіш қоректендіріледі, тығыздықты өлшеу сызығына қосылады және  $(20 \pm 5)$ оС температура кезінде шығу дабылын есептеу жүргізіледі;

20) шығу дабылының тербеліс кезеңі салыстырып тексеру сертификатында (ауамен немесе газбен салыстырып тексеру) көрсетілген тербеліс кезеңіне сай келеді.

36. Егер салыстырып тексеру немесе бақылау кезінде тығыздықты түрлендіргіштің дәлсіздігі белгіленген шектерден асатын болса, кейін салыстырып тексере отырып градуирлеуге жатады.

Ағынды тығыздықты түрлендіргішті градуирлеу пикнометрлердің өлшеу жинағы бойынша немесе дәлдігі жоғары сыныпты тығыздықты өлшеуіш бойынша зертханада немесе пайдалану орнында жүргізіледі.

Ағынды тығыздықты түрлендіргішті градуирлеу, егер мұнайдың тығыздығы жыл ішінде  $100 \text{ кг/м}^3$ -ден аспаса, пайдалану орнында жүргізіледі.

37. Ағынды тығыздықты түрлендіргішті бақылау күнтізбелік 10 күнде бір рет тығыздықты түрлендіргіштің жұмыс көрсеткіштерін мұнайдың тығыздығын дәлдігі жоғары сыныпты тығыздықты өлшеуішпен тығыздықтың жұмыс мәні кезінде жұмыс жағдайларында өлшеу нәтижелерімен немесе резервтік тығыздықты түрлендіргіштің көрсеткіштермен салыстырып қарау тәсілімен жүргізіледі.

Резервтік тығыздықты түрлендіргішті таза болып қолданылады және одан мұнай салыстырып қарау кезінде ғана өтеді.

Мынадай шарт орындалады:

$$|\rho_{nn} - \rho_0| > \Delta_{nn} + \Delta_0, (2)$$

мұндағы

$\rho_{nn}$

– жұмыс тығыздықты түрлендіргіштіпен өлшенген, мұнай тығыздығының мәні,  $\text{кг/м}^3$ ;

$\rho_0$

– дәлдігі жоғары сыныпты тығыздықты өлшеуішпен немесе резервтік тығыздықты түрлендіргішпен өлшенген, мұнай тығыздығының мәні,  $\text{кг/м}^3$ ;

$\Delta_{nn}$

– жұмыс тығыздықты түрлендіргіштің рұқсат етілетін абсолюттік дәлсіздігінің шегі,  $\text{кг/м}^3$ ;

$\Delta_0$

– дәлдігі жоғары сыныпты тығыздықты өлшеуішпен немесе резервтік тығыздықты түрлендіргіштің рұқсат етілетін абсолюттік дәлсіздігінің шегі, кг/м<sup>3</sup>.

Дәлдігі жоғары сыныпты тығыздықты өлшеуіш болмаған кезде немесе резервтік тығыздықты түрлендіргішпен мұнай көлемін өлшеу жүйесін жарактандыруға дейін жұмыс тығыздықты түрлендіргішті бақылау талдамалық зертханамен мұнай тығыздығын өлшеу нәтижелері бойынша жүргізіледі.

Күнтізбелік 10 күнде кемінде бір рет тығыздықты түрлендіргіштің көрсеткіштері мұнай тығыздығын тығыздық өлшеуішпен немесе зертханалық тығыздық өлшеуішпен өлшеу нәтижелерімен салыстырылады және төмендегі формула бойынша

$\Delta_{pn}$

кг/м<sup>3</sup> тығыздықтарының айырмасы есептеледі:

$$\Delta_{pn} = \rho_{nn} - \rho_{ln}, \quad (3)$$

мұндағы

$\rho_{ln}$

– мұнай сапасы параметрлерін өлшеу блогында шарттарға келтірілген,

$\rho_{nn}$

– өлшеу сәтіне іріктелген сынамада ареометрмен немесе зертханалық тығыздық өлшеуішпен өлшенген мұнай тығыздығының мәні, кг/м<sup>3</sup>.

Мынадай шарт орындалады:

$$|\Delta_{pn}| < \Delta_{nn} + \Delta, \quad (4)$$

мұндағы

$\Delta$

– ареометрмен немесе тығыздықты өлшеуді орындау тәсілдерін метрологиялық аттестаттау туралы сертификаттан зертханалық тығыздық өлшеуішпен өлшеу тәсілінің дәлсіздігі, кг/м<sup>3</sup>.

Тәсіл дәлсіздігін бағалауды өткізгенге дейін былайша тығыздықты түрлендіргішпен бақылау жүргізіледі:

$\overline{\Delta_p}$

мына формула бойынша анықтайды:

$$\overline{\Delta_p} = \frac{1}{30} \cdot \sum_{i=1}^{30} \Delta_{pi}, \quad (5)$$

$$\Delta_{pi} = \rho_{nni} - \rho_{lni}, \quad (6)$$

мұндағы

$\overline{\Delta_p}$

– нормадан ауытқушылыққа тексерілген, тығыздықты түрлендіргішпен салыстырып тексеруден кейінгі алғашқы 30 ауысымның айырмасының орташа мәні, кг/м<sup>3</sup>. Шұғыл байқалатын өлшеулер табылған жағдайда оларды қосымша өлшемдер нәтижелерімен алмастырады.

$\rho_{npi}$

– тексеруден кейін алғашқы 30 ауысымда *i*-ауысымды жұмыс тығыздықты түрлендіргішпен өлшенген, мұнай тығыздығының мәні, кг/м<sup>3</sup>;

$\rho_{лпi}$

– мұнай сапасы параметрлерін өлшеу блогында шарттарға келтірілген, өлшеу сәтіне іріктелген сынамада ареометрмен немесе зертханалық тығыздық өлшеуішпен өлшенген мұнай тығыздығының мәні, кг/м<sup>3</sup>.

Тығыздықты түрлендіргіштің жұмыс көрсеткіштері күнтізбелік 10 күнде кемінде бір рет ареометрмен немесе зертханалық тығыздық өлшеуішпен өлшенген мұнайдың тығыздығымен салыстырылады және төмендегі формула бойынша кг/м<sup>3</sup> тығыздықтарының айырмасы есептеледі:

$$\Delta_p = \rho_{nn} - \rho_{лп}, (7)$$

мұндағы

$\rho_{лп}$

– мұнай сапасы параметрлерін өлшеу блогында шарттарға келтірілген,

$\rho_{nn}$

өлшеу сәтіне іріктелген сынамада ареометрмен немесе зертханалық тығыздық өлшеуішпен өлшенген мұнай тығыздығының мәні, кг/м<sup>3</sup>.

Мынадай шарт орындалады:

$$|\Delta_p - \overline{\Delta_p}| < \Delta_{пл} + \Delta_{ар}, (8)$$

мұндағы

$\Delta_{ар}$

– ареометрдің ( $\pm 0,5$  кг/м<sup>3</sup>) немесе зертханалық тығыздық өлшеуіштің жол берілетін дәлсіздігінің шегі, кг/м<sup>3</sup>, (салыстырып тексеру туралы сертификаттан алады).

Егер (4) немесе (8) шарттар орындалмаса, ауытқу себептері анықталады: өлшеулердің қателері, бақылау шарттарын сақтамау, ескерілмеген факторлар.

Қатарынан үш ауысым ішінде шарттар сақталмаған кезде және ақау болған жағдайда тығыздықты түрлендіргішті бөлшектейді, жуады, мұнай сапасы параметрлерін өлшеу блогына қайта орнатады және осы әдіс бойынша бақылайды. Қосымша екі ауысым ішінде теріс нәтижелер алынған кезде тығыздықты түрлендіргіш кезектен тыс салыстырып тексеруге жатады.

Қабылдаушы және тапсырушы тараптардың уағдаластықтары бойынша бақылау мерзімділігін өзгерту жүргізіледі.

Тығыздықты түрлендіргіштің метрологиялық сипаттамаларын бақылауды ұсынудың көрнекілігі үшін және ақаулардың диагностикасы мүмкіндігін іске асыру үшін жоғарыда көрсетілген өлшемдерді компьютерге енгізу және сақтау, график түрінде монитор экранында индекаторлау ұсынылады.

38. Тығыздықты түрлендіргішті ағыту кезінде мұнайдың брутто салмағы мұнайдың біріктірілген сынамасы (тәуліктік не бір топтағы) зертханалық талдаулар бойынша мұнай тығыздығы ескеріле отырып анықталады. Ақау немесе тығыздықты түрлендіргішті ағытудың нақты сәтін анықтау мүмкіндігі болмаған жағдайда осы кезең үшін мұнай тығыздығын арбитраждық сынама бойынша қабылдау қажет.

Тығыздықты түрлендіргішті ағыту кезінде және резервтік тығыздықты түрлендіргіш болмаған кезде мұнайдың брутто салмағы (Мбр), тонна, мына формула бойынша есептеледі:

$$M_{бр} = V \times \rho_{лн} \times 10^{-3}, (9)$$

мұндағы  $V$  – мұнай көлемін өлшеу жүйесі арқылы өткен мұнай көлемі, текше метр (бұдан әрі – м<sup>3</sup>);

$\rho_{лн}$

– көлемді өлшеу шарттарына немесе стандарттық шарттарға келтірілген, ареометрмен немесе зертханалық тығыздық өлшеуішпен өлшенген мұнай тығыздығы, кг/м<sup>3</sup>.

Тәсіл дәлсіздігін бағалауды өткізгенге дейін өлшеуді ареометрмен орындау тәсілдеріне сәйкес мұнайдың жалпы салмағы мына формула бойынша анықталады:

$$M_{бр} = V \times \rho_{лн} \times 10^{-3} + \Delta M, (10)$$

мұндағы

$\rho_{лн}$

– көлемді өлшеу шарттарына немесе тәсілдің жүйелік дәлсіздігінің есебінсіз стандарттық шарттарға келтірілген, ареометрмен немесе зертханалық тығыздық өлшеуішпен өлшенген мұнай тығыздығы, кг/м<sup>3</sup>;

$\Delta M$

– төмендегі формула бойынша анықталған мұнайдың брутто салмағына түзету:

$$M_{\text{бр}} = V \times \rho_{\text{лн}} \times K_n \times 10^{-3}, (11)$$

мұндағы  $K_n$  – түзетуші көбейткіш.

39. Серпінді өлшеулердің көлемді-салмақтық жанама тәсілі бойынша мұнайдың тығыздығы мен көлемі өлшенеді және бұл өлшеулердің нәтижелерін қалыпты шарттарға келтіреді немесе мұнай тығыздығын өлшеу нәтижелері оның көлемін өлшеу шарттарына келтіреді.

40. Шығысты түрлендіргіш немесе сұйықты есептеуішпен жүргізілетін мұнай көлемін және тығыздықты түрлендіргіштің көмегімен айқындалатын оның тығыздығын өлшеу кезінде және кейіннен мұнай тығыздығы мен көлемін өлшеу нәтижелерін шарттарға келтірген кезде мұнайдың салмағын

$m_1^D$

, киллограмм (бұдан әрі – кг), мына формула бойынша есептейді:

$$m_1^D = \rho_0^D V_0^D, (12)$$

мұндағы

$\rho_0^D, V_0^D$

– қалыпты шарттарға келтірілген мұнай тығыздығы мен көлемі.

"Д" – "серпінді" терминіне сәйкес келетін белгі.

41. 15 °С температура кезіндегі жағдайға келтірілген мұнай тығыздығын,

$\rho_{15}^D$

, кг/м<sup>3</sup>, мына формула бойынша есептейді:

$$\rho_{15}^D = \frac{\rho_{\text{изм}}^D}{\text{CTL}_{\rho}^D \text{CPL}_{\rho}^D}, (13)$$

мұндағы

$\rho_{\text{изм}}^D$

– тығыздықты түрлендіргіштегі мұнай температурасы мен қысымында өлшенген мұнай тығыздығы, кг/м<sup>3</sup>;

$\text{CTL}_{\rho}^D$

– стандарттау бойынша нормативтік құжаттарға сәйкес есептелетін, ТТ-дағы мұнай температурасы үшін белгіленген мұнай көлеміне температураның әсерін ескеретін түзету коэффициенті;

$CTL_p^D$

– стандарттау бойынша нормативтік құжаттарға сәйкес есептелетін, тығыздықты түрлендіргіштегі мұнай қысымы үшін белгіленген мұнай көлеміне қысымның әсерін ескеретін түзету коэффициенті.

42. 20 °С температура кезінде қалыпты жағдайға келтірілген мұнай тығыздығы, кг/м<sup>3</sup>, мына формула бойынша есептеледі:

$$\rho_{20}^D = \rho_{15}^D \exp[-\alpha_{15}^D 5(1 + 4\alpha_{15}^D)], (14)$$

мұндағы

$\alpha_{15}^D$

– осы Қағидаларға 3-қосымшада келтірілген "мұнайдың көлемдік кеңею коэффициентінің кестесіне  $\times 10^3$ , С-1", сәйкес қабылданатын, 15°С температура кезінде мұнайдың көлемдік кеңею коэффициенті.

43. 15 °С температураға келтірілген мұнай көлемі,

$V_{15}^D$

, м<sup>3</sup>, мына формула бойынша есептеледі:

$$V_{15}^D = V_{изм}^D CTL_V^D CPL_V^D, (15)$$

мұндағы

$V_{изм}^D$

– шығысты түрлендіргіште немесе сұйықтық есептеуіште мұнай температурасы және қысымы кезінде өлшенген мұнай көлемі, м<sup>3</sup>;

$CTL_V^D$

– стандарттау бойынша нормативтік құжаттарға сәйкес есептелетін, шығысты түрлендіргіштегі немесе сұйықтық есептеуіштегі мұнай температурасы үшін белгіленген мұнай көлеміне температураның әсерін ескеретін түзету коэффициенті;

$CTL_V^D$



– стандарттау бойынша нормативтік құжаттарға сәйкес есептелетін, шығысты түрлендіргіштегі немесе сұйықтық есептеуіштегі мұнай қысымы үшін белгіленген мұнай көлеміне қысымның әсерін ескеретін түзету коэффициенті.

44. 20 °С температураға келтірілген мұнай көлемі

$V_{20}^D$

, м<sup>3</sup>, мына формула бойынша есептеледі:

$$V_{20}^D = V_{15}^D \exp[\alpha_{15}^D 5(1 + 4\alpha_{15}^D)], \quad (16)$$

мұндағы

$V_0^D$

– қалыпты жағдайларға келтірілген мұнай көлемі, м<sup>3</sup>;

мұндағы

$\alpha_{15}^D 5$

– осы Қағидаларға 3-қосымшада келтірілген мұнайдың көлемдік кеңею коэффициентінің кестесіне  $\times 10^3$ , С-1, сәйкес қабылданатын, 15°С температура кезінде мұнайдың көлемдік кеңею коэффициенті.

45. Шығысты түрлендіргіштің немесе сұйықтық есептеуіш көмегімен жүргізілген мұнай көлемін және ареометр немесе зертханада біріктірілген сынамада зертханалық тығыздық өлшеуішпен анықталған оның тығыздығын өлшеу және өлшеу нәтижелері мен мұнай тығыздығын кейіннен қалыпты жағдайға келтіру кезіндегі мұнай салмағы

$m_2^D$

, кг, мына формула бойынша есептеледі:

$$m_2^D = V_0^D \rho_0^D, \quad (17)$$

мұндағы

$V_0^D$

– қалыпты жағдайларға келтірілген мұнай көлемі, м<sup>3</sup>;

$\rho_0^D$

– қалыпты температураға келтірілген мұнай тығыздығы, кг/м<sup>3</sup>.

$V_0^D$

, м<sup>3</sup>, мәні (15) және (16) формулалар бойынша анықталады.

46. 15°С температураға келтірілген мұнай тығыздығы,

$\rho_{15}^D$

, кг/м<sup>3</sup>, мына формула бойынша есептеледі:

$$\rho_{15}^L = \frac{\rho_{\text{изм}}^L}{\text{CTL}_p^L}, \quad (18)$$

мұндағы

$\rho_{\text{изм}}^L$

– стандарттау бойынша нормативтік құжаттарға сәйкес зертханалық жағдайда ареометр көмегімен өлшенген мұнай тығыздығы;

$\text{CTL}_p^D$

– стандарттау бойынша нормативтік құжаттарға сәйкес есептелетін, мұнай көлеміне температураның әсерін ескеретін түзету коэффициенті;

20 °С температураға келтірілген мұнай тығыздығы,

$\rho_{20}^L$

кг/м<sup>3</sup>, мына формула бойынша есептеледі:

$$\rho_{20}^L = \rho_{15}^L \exp[-\alpha_{15}^L 5(1 + 4\alpha_{15}^L)], \quad (19)$$

мұндағы

$\alpha_{15}^L$

– осы Қағидаларға 3-қосымшада келтірілген мұнайдың көлемдік кеңею коэффициентінің кестесіне  $\times 10^3$ , С-1, сәйкес қабылданатын, 15°С температура кезінде мұнайдың көлемдік кеңею коэффициенті.

Ареометрмен өлшенген мұнай тығыздығы стандарттау бойынша нормативтік құжаттарға сәйкес кестелер бойынша 20°С қалыпты температура кезіндегі тығыздыққа келтіріледі.

47. Шығысты түрлендіргіштің немесе сұйықтық есептеуіш көмегімен жүргізілген мұнай көлемін және ағынды тығыздықты түрлендіргішпен анықталған оның тығыздығын өлшеу және мұнай тығыздығын өлшеу нәтижелерін кейіннен оның көлемін өлшеу жағдайларына келтіру кезіндегі мұнай салмағы

$m_3^D$

, кг, мына формула бойынша есептеледі:

$$m_3^D = V_{\text{п.изм}}^D \rho_{\text{п.изм}}^D [1 + \alpha(T_{\rho n}^D - T_{V n}^D) + \gamma(P_{V n}^D - P_{\rho n}^D)], \quad (20)$$

мұндағы

$V_{п.изм}^Д$ 

– шығысты түрлендіргіштегі немесе сұйықтық есептеуіштегі мұнайдың температурасы және қысымы кезінде өлшенген мұнай көлемі, м<sup>3</sup>;

 $\rho_{п.изм}^Д$ 

